

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 29 қазандағы № ДС-415 сауалға

Құрметті депутаттар!

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Үкімет жеңілдетілген кредиттеуді, жер ресурстарымен басым қамтамасыз етуді, субсидиялауды және мемлекеттік қолдаудың басқа да құралдарын қоса алғанда, ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау және дамыту жөнінде кешенді шаралар қабылдауда.

Аумақтардың орнықты және теңгерімді дамуын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар айқындалған 2025-2030 жылдарға арналған Өңірлік даму тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асырылуда.

«Өндірістерді дамыту үшін мамандандырылған факторлар жасау» бағыты бойынша Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, сақтау және өткізу салаларын қамтитын ерікті ауыл шаруашылығы кооперациясын ынталандыру, сондай-ақ шекара маңы аудандарында тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін және кооперацияны дамыту үшін жағдайлар жасау көзделген.

Өңірлік даму Тұжырымдамасы өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыруға бағдарланғанын және өңірлік саясатты іске асырудың базалық тәсілдерін айқындайтынын ескере отырып, ағымдағы кезеңде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің даму көрсеткіштерін егжей-тегжейлі интеграциялау мәселесі әлі ерте болып табылады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы кооперативтері бойынша қажетті статистикалық деректер ұлттық статистика бюросының ресми сайтында тұрақты

негізде жарияланады, онда кооперативтердің саны, қызмет түрлері, өндіріс көлемі, сатылған және сатып алынған өнім, ауыл шаруашылығы техникасы мен мал басы туралы толық ақпарат ұсынылады.

Бүгінгі таңда елімізде 4,5 мыңға жуық ауыл шаруашылығы кооперативтері бар, олардың 1,7 мыңы мал шаруашылығында, 400 – ден астамы өсімдік шаруашылығында және 2,3 мыңы басқа бағыттар бойынша жұмыс істейді. Кооперативтердің құрамына 35,6 мың қатысушы кіреді, олардың жартысынан көбі (18,6 мың) жеке қосалқы шаруашылықтар болып табылады.

Мал басы, жер учаскелері, егіс алқаптары және басқа да көрсеткіштер туралы ақпаратты қоса алғанда, кооперативтердің қызметі туралы деректер Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық жүйелерінде де көрсетілген.

Кооперацияны ынталандыру үшін мемлекеттік қолдау шараларының кешені іске асырылуда.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде кооперативтерге жылдық 2,5 %-бен 8 мың АЕК-ке дейінгі сомаға жеңілдікпен кредит беру көзделген.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері жергілікті бюджеттер есебінен іске асырылатын шараларды қоса алғанда, басқа ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен тең дәрежеде мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне қол жеткізе алады.

Кооперацияны дамытуға жәрдемдесу мақсатында инвестициялық субсидиялау қағидаларында жергілікті бюджеттер есебінен ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығының жекелеген түрлерінің құнын өтеудің басымдығы мен жоғары нормативтері көзделген.

Салық кодексінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін төлем көзінен ұсталатындарды қоспағанда, барлық салықтар бойынша 70 % жеңілдікті көздейтін арнайы салық режимі белгіленген.

2024 жылы жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша заңнамаға енгізілген өзгерістер шеңберінде ауыл шаруашылығы өндірісіне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын бөлу кезінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін қосымша конкурстық балдар енгізілді.

Айта кету керек, кооперативтердің көпшілігі елдің оңтүстік аймақтарында орналасқан, бұл ауыл тұрғындарының тығыздығының жоғарылығына және шағын фермерлердің едәуір санына байланысты.

Олардың ішінде кооперацияның тиімділігін және мемлекеттік қолдаудың нәтижелілігін көрсететін табысты жұмыс істейтін кооперативтердің едәуір саны бар.

Мысал ретінде Жамбыл облысындағы 85 қатысушыны біріктіретін және майлы және дәнді дақылдарды өндіруге мамандандырылған «Жуалы – 2020» кооперативін, сондай-ақ 135 қатысушыны біріктіретін және дәнді және жемшөп дақылдарын өндіру саласында жұмыс істейтін «Даму-Сурат» АӨК атап өтуге болады. Бұл кооперативтер жоғары өнімділікпен және заманауи технологияларға бағдарлануымен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, Шымкент қаласында мал шаруашылығы мен сүт өңдеуге маманданған «Сауған Сүт» кооперативі белсенді дамып келеді. Кооператив жыл сайын өндірістік қуаттылықты арттырып, жоғары сапалы табиғи сүт өнімдерін шығарады және халықты тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді.

Осындай табысты жобаларды масштабтау және фермерлердің хабардарлығын арттыру үшін ауыл шаруашылығы өндірушілерінің білім деңгейін арттыруға, заманауи агротехнологиялар және кооперацияны қоса алғанда, саланы дамытудың негізгі бағыттары туралы хабардар етуге бағытталған «АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету» бағдарламасы іске асырылуда. Оқыту 12 бағыт бойынша семинарлар, вебинарлар және практикалық консультациялар форматында жүргізіледі: көкөніс шаруашылығы, бақша шаруашылығы, ІҚМ өсіру, құс шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, ара шаруашылығы, аквашаруашылық, өнімді өңдеу, сондай-ақ кооперативтерді басқару.

Аталған шаралар АӨК субъектілерінің әріптестік қатынастарын дамытуға және аграрлық сектордың өнімділігін арттыруға бағытталған.

С. Жұманғарин

*Орынд.: Елтай Б.
Тел.: 74-55-10*